

Даму мүмкіндігі шектеулі балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеуді қолдау жөніндегі 2007-2009 жылдарға арналған іс-шаралар жоспарын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 5 ақпандағы N 81 Қаулысы

"Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2005-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2004 жылғы 11 қазандағы N 1459 Жарлығын іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** :

1. Қоса беріліп отырған Даму мүмкіндігі шектеулі балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеуді қолдау жөніндегі 2007-2009 жылдарға арналған іс-шаралар жоспары (бұдан әрі - Іс-шаралар жоспары) бекітілсін.

2. Орталық және жергілікті атқарушы органдар:

1) Іс-шаралар жоспарының уақтылы орындалуын қамтамасыз етсін;

2) жыл сайын 10 қаңтарға қарай Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігіне Іс-шаралар жоспарының іске асырылу барысы туралы ақпарат ұсынсын.

3. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі жыл сайын 10 ақпанға қарай Қазақстан Республикасының Үкіметіне жиынтық ақпарат ұсынсын.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2007 жылғы 5 ақпандағы
N 81 қаулысымен

бекітілген

Даму мүмкіндігі шектеулі балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеуді қолдау жөніндегі

2007-2009 жылдарға арналған іс-шаралар жоспары

Р / с N №	Іс-шаралар	Аяқтау нысаны	Жауапты орындау шылар	Орындалу мерзімі	Болжам - ды Қаржы- шығыс- лан- дыру көзі тар (млн. теңге)*	7
1	2	3	4	5	6	7
1.	Қолданыстағы					

нормативтік құқықтық кесімдерді жетілдіру және жаңаларын әзірлеу						
1.	Даму мүмкіндігі шектеулі балалардың орталықтандырылған есебін жасау және жүргізу	Бұйрық	Қ Р Біліммині	2007 жылғы І І тоқсан	Талап етілмейді	
2.	Даму мүмкіндігі шектеулі балаларға ықпалдастыра (инклюзивті) білім беруді ұйымдастыру ережесін әзірлеу	Бұйрық	Қ Р Біліммині, Қ Р Еңбекмині	2007 жылғы І V тоқсан	Талап етілмейді	
3.	Даму мүмкіндігі шектеулі балалар арасынан шыққан білім беру ұйымдарының түлектерін әлеуметтік қолдау жөніндегі өңірлік бағдарламаларды әзірлеу және енгізу	Әкімдіктердің қаулылары Қ Р Білімминіне ақпарат	Облыстардың, Алматы және Астана қалаларының әкімдері	2008 жылғы І тоқсан жыл сайын 10 қаңтарға қарай	Талап етілмейді	
2. Оқу-әдістемелік қамтамасыз ету						
4.	12 жылдық жалпы орта білім беруге көшу шеңберінде даму мүмкіндігі шектеулі балаларға арналған арнаулы (түзеу) ұйымдардың түрлері мен үлгілері жөніндегі оқу бағдарламаларын жетілдіру	Бұйрық	Қ Р Біліммині	2007 жылғы І V тоқсан	Талап етілмейді	
5.	Даму мүмкіндігі шектеулі балалардың мүдделерін қорғау, оларға оңалту қызметтерін көрсету жөніндегі іс-шараларды іске асыруға бағытталған қоғамдық бірлестіктердің әлеуметтік бағдарламаларының	Бұйрық	Қ Р Біліммині, ҚР МАМ	2008 жылғы І V тоқсан		Бюджеттен

	республикалық конкурсын ұйымдастыру және өткізу					т ы с қаражат
6.	Даму мүмкіндігі шектеулі балаларға және мүгедек балаларға арналған бейімдеу дене тәрбиесінің қазіргі заманғы әдістемелерін жетілдіру жөнінде ұсыныстар енгізу	Бұйрық	Қ Р Білім-мині, ҚР ТСМ, ҚР ДСМ, Қ Р Еңбек-мині	2007 жылғы I V тоқ-сан	Талап етілмейді	
7.	Оңалту орталықтары, психологиялық-педагогикалық түзеу кабинеттері жағдайында күрделі ақыл-ой кемістіктері бар балаларды әлеуметтік-тұрмыстық және кәсіптік-еңбекпен оңалту жөніндегі бағдарламаларды әзірлеу	Бұйрық	Қ Р Білім-мині, Қ Р Еңбек-мині, ҚР ДСМ	2008 жылғы I V тоқ-сан	Талап етілмейді	
8.	Даму мүмкіндігі шектеулі балаларды қоғамға ықпалдастыру, олардың отбасындағы жағдайын жақсарту проблемалары жөніндегі халықаралық ғылыми-практикалық конференцияны ұйымдастыру және өткізу	Бұйрық	Қ Р Білім-мині үкіметтік емес ұйымдармен бірлесіп	2009 жылғы I V тоқ-сан		Бюджеттен т ы с қаражат
3 .						
Материалдық-техникалық қамтамасыз ету						
9.	Даму мүмкіндігі шектеулі балаларды оқытуды жүзеге асыратын білім беру ұйымдарын материалдық-техникалық және оқу-әдісте-	Бұйрық	Қ Р Білім-мині, ҚР ДСМ,	2007 жылғы I I		

	мелік жарақтандыруға және қамтамасыз етуге қойылатын ең аз талаптардың нормативі туралы ережені әзірлеу		Қ Р Еңбек-мині	т о қ - сан	Талап етіл-мейді	
10.	Даму мүмкіндігі шектеулі балаларға кешенді әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу көмегін көрсету үшін психологиялық-педагогикалық түзеу кабинеттерінің, логопедтік пункттердің желісін кеңейту	Әкім-діктердің қаулы-лары Қ Р Білім-миніне ақпарат	Облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері	ж ы л с а й ы н 1 0 қ а н - т а р ғ а қ а р а й	582083,0 2007 жыл - 150178,0 2008 жыл - 203485,0 2009 жыл - 228420,0	ЖБ
11.	Даму мүмкіндігі шектеулі мектеп жасындағы балаларды оқумен толық қамту үшін білім беру ұйымдарын автобустармен және шағын автобустармен қамтамасыз ету	Әкім-діктердің қаулы-лары Қ Р Білім-миніне ақпарат	Облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері	ж ы л с а й ы н 1 0 қ а н - т а р ғ а қ а р а й	53936,0 2007 жыл - 18736,0 2008 жыл - 25000,0 2009 жыл - 10200,0	ЖБ
4. Кадрлық қамтамасыз ету						
12.	Даму мүмкіндігі шектеулі балалармен жұмыс істеу үшін білім беру органдары мен ұйымдарының басшы кадрларының, арнаулы педагогтардың: олигофренопедагогтардың, сурдопедагогтардың, тифлопедагогтардың, логопедтердің, тәрбиешілердің, психологтардың,	Ұсынымдар	Қ Р Білім-мині	2 0 0 8 жылғы I V т о қ - сан	Талап етіл-мейді	

	әлеуметтік педагогтардың біліктілігін арттыру және оларды қайта даярлау жөніндегі бағдарламаларды, оқу жоспарларын жетілдіру					
13.	Даму мүмкіндігі шектеулі балаларға арналған арнаулы білім беру ұйымдарының шығармашылық ұжымдарының республикалық конкурсын өткізу	Бұйрық	Қ Р Білім-мині, ҚР МАМ, облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері	2007 жылғы ІІ тоқсан	4000,0	Бюджеттен тыс қаражат

Жиыны:

2007-2009

640019

жылдар

2007 ж. - 172914,0

2008 ж. - 228485,0

2009 ж. - 238620,0

636019,0 Жергілікті бюджеттер

2007 ж. - 168914,0

2008 ж. - 228485,0

2009 ж. - 238620,0

4000,0 Бюджеттен тыс қаражат

2007 ж. - 4000,0

Ескертпе:

* іс-шараларды қаржыландыру көлемі тиісті қаржы жылына арналған республикалық және жергілікті бюджеттерді жоспарлау кезінде нақтыланатын болады.

Аббревиатуралардың толық жазылуы:

ҚР Біліммині Қазақстан Республикасы Білім және ғылым
министрлігі

ҚР ДСМ Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау
министрлігі

ҚР Еңбекмині Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты
әлеуметтік қорғау министрлігі

ҚР МАМ Қазақстан Республикасы Мәдениет және

ҚР ТСМ
министрлігі

ақпарат министрлігі
Қазақстан Республикасы Туризм және спорт

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК